

Тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтер бағасын байқау бойынша әдістемені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 135 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 10 қазанда № 15872 болып тіркелді.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 15-тармағы 34) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 28.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтер бағасын байқау бойынша әдістеме бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Баға статистикасы басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасарына (Г.М. Керімханова) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігі Статистика
комитетінің төрағасы

Н. Айдапкелов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2017 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 135 бұйрығымен бекітілді

Тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтер бағасын байқау бойынша әдістеме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтер бағасын байқау бойынша әдістеме (бұдан әрі – Әдістеме) халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 28.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Әдістеме тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтерге бағаны байқаудың негізгі аспектілері мен әдістерін айқындайды.

3. Осы Әдістемені Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі - Бюро) және оның аумақтық бөлімшелері тұтыну тауарларының және көрсетілетін қызметтердің (бұдан әрі – тауарлар (көрсетілетін қызметтер) бағаларына жалпымемлекеттік статистикалық байқау жүргізу кезінде қолданады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 31.08.2021 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Осы Әдістемеді келесі анықтамалар пайдаланылады:

1) баға белгіленімі – бұл белгілі бір сауда объектісінде тіркелген, нақты тұтыну қасиеттері бар (атауы, өндірушісі, өзіне тән ерекшеліктері) тауардың (көрсетілетін қызметтің) бағасы;

2) бағаларды тіркеу – тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағалар (тарифтер) туралы жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың, әкімшілік және балама деректердің негізіндегі бағалар мониторингі;

3) базалық объект – ондағы бағаларды байқау және тіркеу үшін іріктелген объекті;

4) ерекшелік – бағаны тіркеу үшін іріктелген жеке тауарды (көрсетілетін қызметтерді) сәйкестендіру үшін пайдаланылатын суреттеме немесе сипаттамалар тізбесі;

5) өкіл-тауар (көрсетілетін қызмет) – бұл тауардың (көрсетілетін қызметтердің) сапасы мен негізгі тұтыну қасиеттеріне әсер етпейтін және мақсаты бойынша біртекті бір-бірінен елеусіз ерекшеліктерімен (бөлшектерімен) айрықшаланатын тауар тобындағы белгілі бір тауар түрлерінің жиынтығы;

6) өкіл-тауардың (көрсетілетін қызметтердің) мәртебесі – баға тіркеу кезінде тіркелетін тауардың, көрсетілетін қызметтердің сатылымда болуын, уақытша болмауын немесе болмауын сипаттайтын және оның өткен кезеңмен салыстырғанда салғастырмалылығын қамтамасыз ететін белгі.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 28.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтер жиынтығын қалыптастыру

5. Тауарлар (көрсетілетін қызметтер) жиынтығы (бұдан әрі – жиынтық) барлық өңірлер үшін орталықтандырылған түрде белгіленеді. Облыс орталықтары, республикалық маңызы бар қалалар және астана үшін бағаларды байқауға арналған жиынтық осы Әдістемеге 1-қосымшада, қалалар және аудан орталықтарының іріктемелі тобы үшін бағаларды байқауға арналған жиынтық осы Әдістемеге 2-қосымшада келтірілген.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 31.08.2021 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Жиынтыққа кіретін тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) әрбір түрі бойынша олардың өкіл тауарларының (көрсетілетін қызметтердің) нақты өзге түрлерін таңдалынады. Өңірлік деңгейде өкіл тауарды (көрсетілетін қызметтерді) сипаттау үшін баға тіркеу кезінде қандай тауар (көрсетілетін қызмет) бағаланатынын көрсететін құрал болып табылатын ерекшелік пайдаланылады.

Осы берілген ерекшелік шеңберінде өңірдегі неғұрлым репрезентативті тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) іріктеу және оларға толық сипаттамалар жасалынады.

Толық сипаттама тауарды (көрсетілетін қызметтерді) толық сипаттау мақсатында жалпы ерекшелікті нақтылау жолымен әзірленеді.

7. Өңірдің тұтыну нарығында жиынтыққа кіретін тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) жекелеген түрлері болмаған жағдайда, олар байқаудан алып тасталады.

Әрбір өкіл тауарға (көрсетілетін қызметке) 6 (алтыдан) кем емес баға белгіленімі тіркеледі.

Көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлері (тұрғын үй-коммуналдық, байланыс, көлік, мәдениет, қол сағаттарының қуат көзінің элементін ауыстыру, табыт жасау, көму және басқалары), сонымен қатар тауарлардың жекелеген түрлері (жаңа ауланған балық, шикі сүт, отын, скутерлер және басқалары) ерекшелік болып табылады.

Нақты өкіл тауарға (көрсетілетін қызметтерге) баға белгіленімінің санын анықтау кезінде өңірдегі халықтың тұтыну құрылымының ерекшелігі, тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) тұтыну нарығының қамтылуы мен қанықтылығы, сауда мен көрсетілетін қызметтер саласының базалық объектілерінің даму деңгейі есепке алынады.

3-тарау. Тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтер бағасын байқау

8. Тауарлар (көрсетілетін қызметтер) бағасын байқау жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанына сәйкес бағаны тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

9. Бағаны тіркеу:

1) ай сайын тұтыну бағасының индексі (бұдан әрі – ТБИ) есептеу үшін пайдаланылатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер) өкілінің барлық жиынтығы бойынша, есепті айдың 7 (жетісінен) бастап 25 (жиырма бесіне) дейінгі күндері. Тұтыну нарығындағы бағалардың жоғары волатильділік кезеңінде өзгерістерге шалдыққыш тауарларға (көрсетілетін қызметтерге) бағаны (тарифтерді) бірнеше рет жинау;

2) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 11 мамырдағы № 166-НҚ "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32474 болып тіркелген) қаулысымен бекітілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесі бойынша апта сайын (аптасына 1 рет).

Апта сайын өкіл тауарларға бағалық ақпарат ай сайынғы тіркеумен байланыстырылады және сол бір байқаудың базалық объектілерінде жүргізіледі.

Тіркеу мерзімдері сәйкес келген жағдайда онда апта сайынғы тіркеу барысында алынған базалық объектілер бойынша ақпарат ай сайынғы режимде жиналатын ақпараттық массивке қосылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 31.08.2021 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 28.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Бағалық ақпаратты жинау мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады:

1) бағалық ақпаратты жинау базалық объектілерді аралау арқылы тауарды (көрсетілетін қызметтерді) өткізу орындарында тікелей жүргізу, бағалықта (жазба белгісінде) көрсетілген бағаларды (тарифтерді) белгілеу, орналастырылған бағатізбесі негізінде немесе ақылы қызметтер көрсететін адамдардың пікіртерімі жүргізіледі;

2) бағаларды тіркеу кезінде Интернет желісінде сұраулар нәтижесінде алынған деректер пайдаланылады (жолаушылар теміржол көлігі және әуе көлігі қызметтері, ұялы байланыс, медициналық көрсетілетін қызметтің жекелеген түрлері, тұрмыстық техника, дыбыс-бейне шолу жабдығы, ұялы телефондар және басқалары).

Bilet.railways.kz, airastana.com, scat.kz, flyarystan.com, flyqazaq.com, aviata.kz сайттарында жолаушылар көлігі қызметтеріне бағаларды, Sulpak.kz, Technodom.kz, Mechta.kz Интернет-дүкендерінде тауарларға бағаларды тіркеу кезінде салғастырымдылықты қамтамасыз ету үшін жеткізу құнынсыз бағалар (тарифтер) белгіленеді.

Ай сайын бағаларды тіркеу жолаушылар теміржол көлігі қызметтеріне 20 (жиырмамыншы) күнгі жағдай бойынша жүзеге асырылады. Егер есепті айдың 20 (жиырмамыншы) күні демалыс немесе мерекелік күнге түссе, онда жұмыс күндеріндегі баға тіркеледі. Демалыс немесе мерекелік күндегі билет құны күрт ауытқуларға ұшырайды және бұл күндері баға өзгерісін есепке алу салыстыруға келмейді;

3) ұсыну шарттары стандартты болып келетін баға деңгейі мезгілдің белгілі бір уақытында (мысалы, химиялық тазарту, киімдерді жуу, көліктерді жуу қызметтерінің бағалары) белгіленетін көрсетілетін қызметтердің кейбір түрлеріне бағалық ақпаратты телефон арқылы тіркейді. Бағалық ақпаратты телефон арқылы алған кезде олардың қызметкерлерімен жеке байланысты ұстау мақсатында және бағаны анықтау кезінде өкіл-тауарлар, көрсетілетін қызметтерді таңдау уақытында қателерді болдырмау, сондай-ақ іріктелген өкіл-тауарлар, көрсетілетін қызметтер ерекшеліктерінің салғастырымдылығына көз жеткізу мақсатында мамандар базалық объектілерді мезгіл-мезгіл (тоқсанына бір рет) аралап шығады;

4) ұзақ уақыт кезеңінде бағаны (тарифті) белгілеу тән ұйымдарға (санаторийлер, медицина және білім беру мекемелері, салт және басқа да көрсетілетін қызметтер ұсынатын ұйымдар) көрсетілетін қызметтерге баға (тариф) туралы ақпаратты беру өтінішімен ресми хаттар жолданады. Бағалар (тарифтер) ұсынылған прејскуранттар негізінде тіркеледі, бірақ деректердің анықтығын бақылау мақсатында алынған бағалық

ақпаратты растау үшін мамандар тоқсанына бір реттен кем емес базалық объектілерді аралап шығады;

5) тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің тарифтері тиісті көрсетілетін қызмет түрлеріне ақы төлеу үшін халыққа берілетін төлем құжаттары (түбіртектер) негізінде тіркеледі. Тарифтер өзгерген жағдайда табиғи монополиялар саласында және реттелетін нарықта, осы қызметтің түрлерін көрсететін ұйымдарға басшылық жүргізетін мемлекеттік органдардың бұйрықтарымен олардың жаңа деңгейі расталады.

Жоғарыда келтірілген бағаларды тіркеудің дереккөздеріне қосымша ретінде, Заңның 12-бабы 15-4) тармақшасына сәйкес, меншік иелері немесе иеленушілері ұсынған балама деректер пайдаланылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 28.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Базалық объектілерді, тауарларды және көрсетілетін қызметтерді алмастыру

11. Базалық объектіні алмастыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 230 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12955 болып тіркелген Тұтыну бағасының индексын құру әдіснамасының (бұдан әрі – Әдіснама) 34-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Базалық объектіні таңдау бөлшек сауда көлемі бойынша ішкі сауда статистикасының деректері негізінде жүзеге асырылады. Байқауға тұтыну қасиеттері мен баға деңгейі бойынша, жаппай тұтынуға арналған тауарларды өткізетін өңірдегі тауар айналымының едәуір үлесі бар объектілер кіреді.

Маусымдық тауарлар бойынша базалық объектілер байқалатын тауар өте ұзақ уақыт мерзім ішінде (алты айға дейін) жоқ болған жағдайда сақталады.

12. Тауарды (көрсетілетін қызметтерді) алмастыру Әдіснаманың 35-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Тауарды (көрсетілетін қызметтерді) алмастыру рәсімі тауар жоқ болғанда, едәуір көлемде сатылмайтын немесе сауданың қалыпты жағдайында сатылмағанда жүзеге асырылады.

Сатылымда тауардың (көрсетілетін қызметтердің) жоқ болуы уақытша, сондай-ақ тұрақты сипатқа ие.

Базалық объектіде екі айдан көп сатылымда жоқ және болашақта оны өткізу көзделмейтін тауар (көрсетілетін қызметті) тұрақты түрде болмайтын тауарға жатады.

Базалық объектіде болашақта тауарды (көрсетілетін қызметті) өткізу қайта жаңартылатындығы жөнінде мәліметтер бар болса, онда ол уақытша жоқ деп саналады. Бағаны байқауда қатысатын нақты тұтыну қасиеттері бар тауарлар өнімге сұраныстың

болмауынан, көліктік тасымалдау қиындықтарынан оларды шығаруды тоқтатуға байланысты себептерден уақытша жоқ болып келеді.

Өндіріс және өткізудің маусымдық сипаты бар тауарлар уақытша жоқ. Мұндай тауарлар жыл сайын бір уақытта жоқ болып кетеді және олардың жоқ болуы алдын ала болжанады (мысалы, киімнің және аяқкиімнің кейбір түрлері, спортқа арналған тауарлар және басқалар). Уақытша жоқ маусымдық тауарлар үшін Әдіснаманың 42-тармағы 3) тармақшасына сәйкес шартты есептеу тәсілі пайдаланылады.

Тұрақты жоқ тауарларға (көрсетілетін қызметтерге) жататын тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) алмастыру кезінде, сондай-ақ байқауға олардың моральді ескірген түрлерін ауыстыратын жаңа тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) енгізген кезінде өзінің көрінісін бағада табатын тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) сапалық сипаттарының өзгеруі ескеріледі.

Тауардың (көрсетілетін қызметтердің) сапасында өзгеріс болған жағдайда ауыстыратын тауардың (көрсетілген қызметтердің) бағасына тауардың (көрсетілетін қызметтердің) сапасы өзгеруіне түзету қолданылады. Бағаны түзету үшін Әдіснаманың 42-тармағы 2) тармақшасына сәйкес "біріктіру" тәсілі қолданылады.

Тауардың (көрсетілетін қызметтің) сапасында жаңа тауардың (көрсетілетін қызметтің) сипаттамасының негізгі параметрлеріне әсер етпейтін азғантай өзгеріс кезінде Әдіснаманың 42-тармағының 1) тармақшасына сәйкес "бағаны тікелей салғастыру" тәсілі қолданылады.

13. Ассортименттік түрі және сипаттамаларының өзгеруі жиі ауысуымен сипатталатын тауарлар үшін сатылымнан тауардың толық жоғалуын күтпей мақсатты алмастырулар жүргізіледі. Мұндай тауарларға байланыс құралдары, тұрмыстық техника, аудиовизуальді жабдық, автомобильдер, сондай-ақ сән, нарық талаптарына байланысты өзгеріске ұшыраған киім және аяқкиімнің жекелеген түрлері жатады. Олар бойынша жылына бірнеше рет нақты тұтыну белгілерімен байқалатын тауарларды ішінара алмастыру жүзеге асырылады.

Тауардың жаңа моделіне бағаны байқау оның тұтыну нарығында пайда болған сәтінен басталады, ал жаппай сату кезеңінде, тауарды өткізу барлық жерде жүргізіліп жатқан уақытта орташа бағалар және баға индекстері есептеуге қосылады.

Теледидарды және автомобильды алмастыру рәсімінің мысалы осы Әдістемеге 3 және 4-қосымшаларда келтірілген.

5-тарау. Маусымдық тауарларға және көрсетілетін қызметтерге бағаны байқаудың ерекшеліктері

14. Маусымдық тауарларға (көрсетілетін қызметтерге) бағаны тіркеудің және ТБИ есептеу кезінде олардың серпінін есепке алудың өз ерекшеліктері бар.

Жылдың нақты кезеңінде кейбір тауарларды сату және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін көрсету тұтыну нарығында жаппай сипатқа ие. Жылдың

маусымдық емес кезеңінде аталған тауарлар (көрсетілетін қызметтер) шектелген тұтыну сұранысы мен ұсынысы жағдайында аз көлемде сатылады (көрсетіледі).

15. Маусымдық тауарлар айқын көрінетін және байқалмайтын түрлерге бөлінеді. Маусымдық тауарлардың түрлері Әдіснаманың 36-тармағында сипатталады.

Байқалмайтын маусымдық тауарлар ауыстыру әдісін қолдануды қажет етпейді, бірақ олар бойынша бағалар серпінінде көрсетілетін жылдан-жылға бағалар ауытқуының циклділігі қайталанатын заңдылық байқалады. Оған жеміс-көкөніс өнімдерінің жекелеген түрлері жатады. Жазғы кезеңде оған бағаны тіркеуді ағымдағы жылғы егіннің ерте және өткен жылғы егіннен бөлек жүргізіледі. Ерте жеміс-көкөністің бағасы сатылымның жалпы көлемінде оның өспелі үлесін ескере отырып есептеуге біртіндеп қосылады. Елді мекен бойынша сатылымның жалпы көлеміндегі ерте жеміс-көкөністің сатылым көлемінің үлесі тіркеу күніне оған сәйкес баға белгілерінің саны арқылы сарапшылық бағалаумен анықталады.

Бұл есептеу тәсілі ағымдағы жылғы жеміс-көкөніс өнімінің бағасын өткен жылғы өнімінің бағасымен үйлестіруді жүргізуге мүмкіндік береді.

Айқын көрінетін маусымдық тауарлардың сатылымда жоқ болуы кезеңінде (оның жаңа маусымда жеткілікті көлемде және ассортиментте пайда болуына дейін) бағалық ақпарат қатардың үздіксіздігін сақтау үшін Әдіснаманың 42-тармағы 3) тармақшасына сәйкес "жалпы орта мәнді шартты есептеу" әдісі пайдаланылады. Айқын көрінетін маусымдық тауарларға киім және аяқкиімнің, спортқа арналған тауарлардың жекелеген түрлері және басқалар жатады.

Маусым емес кезеңде айқын көрінетін маусымдық тауарлар бойынша бағаларды есептік есептеу орталықтан жүзеге асырылады. Айқын көрінетін маусымдық тауарлардың тізбесі осы Әдістемеге 5-қосымшада келтірілген.

Өткен маусымда байқалған бағалар бойынша киім немесе аяқкиімнің жекелеген түрлері сатылымнан жоғалған жағдайда және жаңа маусымда нарықтың, сәннің жаңа үрдісін көрсететін сипаттамасында өзгешелігі бар жаңа тауарлар пайда болғанда олардың ауыстырылуы сападағы өзгерістерді есепке алу арқылы Әдіснаманың 42-тармағы 3) тармақшасына сәйкес "біріктіру" әдісімен жүзеге асырылады.

16. Маусымдылық факторы, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлеріне, атап айтқанда туристік қызметтер тобы бойынша бағалар, тарифтер өзгерістерінде көрінеді.

Маусымдық сипатқа ие көрсетілетін қызметтер бойынша ауыстыру әдісін қолданудың өз ерекшеліктері бар.

Туристік қызметтер бойынша келесі ауыстыру әдістері қолданылады:

1) елеулі инфляция қарқыны кезеңінде, сондай-ақ ұлттық валютаға қатысты шетел валютасының (АҚШ доллары) бағамының елеулі өзгеру қарқыны жағдайында жолдама бағасын теңгеге қатысты шетел валютасы бағамының өзгеру қарқынына сәйкес индекстеуге болады;

2) қарқыны төмен инфляция кезеңінде бағаны қайталау әдісі. Бақылауға арналған іріктелген тауарлар жолдамаларының нақты түрде сатылымда жоқ барлық кезеңі бойынша жолдаманың маусым кезеңінде тіркелген соңғы бағасын ауыстыру.

6-тарау. Жеке пікіртерімнің компьютерлендірілген жүйесі

17. Бағаны жинаудың автоматтандырылған процесі жеке пікіртерімнің компьютерлендірілген жүйесін (бұдан әрі – ЖПКЖ) білдіреді. ЖПКЖ енгізудің бірінші жылында бағаларды жинау қағаз жеткізгіште және тасымалды есептегіш құралдардарын (бұдан әрі – ТЕҚ) қолданумен қатар жүзеге асырылды.

18. ТЕҚ пайдаланумен тұтыну тауарларына (көрсетілетін қызметтерге) бағалар мен тарифтерді жинау белгіленген тәртіппен бекітілген жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың электрондық статистикалық нысаны бойынша жүзеге асырылады.

19. Деректерді енгізудің электрондық нысанын жүктегенде баға жинау процесі зерттелетін базалық объектідегі тауардың (көрсетілетін қызметтердің) мәртебесіне арналған сәйкестендіруші-кодты таңдаудан басталады.

Нақты тауарлар (көрсетілетін қызметтер) бойынша мәртебелер бағаларды тіркеу сәтінде өкіл-тауардың (көрсетілетін қызметтердің) сапалы жағдайын сипаттауға арналған.

Тауарлар (көрсетілетін қызметтер) мәртебесі үшін сәйкестендіруші-кодтар:

1) С – салғастырмалы, өкіл-тауар (көрсетілетін қызмет) сипаттамасы бойынша салғастырмалы болған жағдайда. Тауардың өткен кезеңмен салыстырмалы мәртебесін таңдағанда деректер сипаттамасы, өндіруші ел және орамасы бойынша есепті кезеңге көшіріледі;

2) УЖ – уақытша жоқ болуы, өкіл-тауар (көрсетілетін қызмет) тіркеу үшін қолжетімсіз болғанда, бірақ сатушымен кеңескеннен кейін тауардың (көрсетілетін қызметтің) жоқ болуы уақытша екені анықталады. Аталған тауардың мәртебесін екі айдан көп қолданылмайды. Уақытша жоқ мәртебесін таңдаған жағдайда сипаттама, өндіруші ел, бөлшектеп өлшеу және баға бойынша деректер есепті кезеңге көшеді;

3) Ж – жоқ өкіл-тауар (көрсетілетін қызмет) баға тіркеу үшін қолжетімсіз болғанда және сатылымда пайда болуы жоспарланбайтындығы сатушымен кеңескеннен кейін анықталады. Тауардың жоқ мәртебесін таңдаған жағдайда сипаттама, өндіруші ел, бөлшектеп өлшеу және бағасы бойынша деректер уақытша жоқ мәртебесі сияқты өткен кезеңнен есепті кезеңге көшеді;

4) СТ – салыстырылмайтын тауар, өкіл-тауар (көрсетілетін қызмет) сипаттамасы барлық параметрі бойынша өзгеше. Салыстырылмайтын тауар мәртебесін таңдаған жағдайда өткен және есепті кезеңдегі сипаттама, өндіруші ел, бөлшектеп өлшеу және баға бойынша деректер түзету және енгізу үшін ашық;

5) МТ – маусымдық тауар, өкіл-тауар (көрсетілетін қызмет) маусым емес кезеңде сатылымда болмауы. Маусымдық тауар мәртебесін таңдаған жағдайда сипаттама, өндіруші ел және бөлшектеп өлшеу бойынша деректер есепті кезеңге көшеді;

6) А – ауыстыру, өкіл-тауар (көрсетілетін қызмет) сипаттамасы ұқсас, айтарлықтай өзгешеліктері жоқ басқа тауарға (көрсетілетін қызметке) ауыстырған жағдайда қолданылады. Ауыстыру мәртебесін таңдаған жағдайда сипаттама, өндіруші ел, бөлшектеп өлшеу және баға бойынша деректер түзету және енгізу үшін ашық;

7) Ж – жаңа, өкіл-тауардың (көрсетілетін қызметтің) жаңа түрі пайда болғанда қолданылады.

Баға тіркеу кезінде тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) мәртебелерін қолдану комбинациялары осы Әдістемеге 6-қосымшада келтірілді.

20. ТЕҚ қолдану арқылы баға тіркеудің электрондық технология әдісінде ұсынылған автоматтық бақылаулар:

1) тіркелген бағаны стандарттық өлшем бірліктегі бағаға қайта есептеу. Тіркелген бағаны стандарттық өлшем бірліктегі бағаға автоматы түрде қайта есептеу тіркеу сәтіндегі бағаны тауардың орамасына бөлу және стандарттық өлшем бірліктегі салмағына (санына) көбейту арқылы жүзеге асырылады;

2) өткен кезеңге баға индексі есептеу. Өкіл-тауар (көрсетілетін қызмет) бойынша өткен кезеңге баға индексі есепті кезеңнің қайта есептелген бағаны өткен кезеңдегі қайта есептелген бағаға бөлу және 100% көбейту арқылы есептеледі;

3) баға индекстеріне ең жоғары және ең төмен шектерін қою және индекс көлемінің қойылған шектерден асқан кезде баға өзгерісінің себебін көрсету. Егер баға индексі 90%-дан аз немесе 110%-дан үлкен болса ескертпеде өкіл-тауардың (көрсетілетін қызметтің) баға өзгерісінің себебі көрсетіледі. Аталған функция бағаның және индекстің дұрыс көрсетілуін қосымша бақылайды.

Тұтыну тауарлары мен
көрсетілетін қызметтер бағасын
байқау бойынша әдістемеге
1-қосымша

Облыс орталықтары, республикалық маңызы бар қалалар және астана үшін бағаларды байқауға арналған тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтер жиынтығы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 12.01.2026 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ п/п	Атауы	Өлшем бірлігі
1	Тазартылған, жылтыратылған күріш	1 килограмм
2	Ұнтақ жарма	1 килограмм

3	Қарақұмық жармасы	1 килограмм
4	Сұлы жармасы	1 килограмм
5	Арпа жармасы	1 килограмм
6	Сөк	1 килограмм
7	Жүгері жармасы	1 килограмм
8	Бидай жармасы	1 килограмм
9	Жоғары сұрыпты бидай ұны	1 килограмм
10	Бидай наны	1 килограмм
11	Қара бидай-бидай наны	1 килограмм
12	Кесілген батон	1 килограмм
13	Майқоспалы тәтті тоқаштар	1 килограмм
14	Пряниктер	1 килограмм
15	Қантты печеньеелер	1 килограмм
16	Торттар	1 килограмм
17	Орамалар, кекстер	1 килограмм
18	Вафли	1 килограмм
19	Қатты печенье, галеттер, крекерлер	1 килограмм
20	Кептірілген нан	100 грамм
21	Майда білезік нандар	1 килограмм
22	Лаваш	500 грамм
23	Сұлы үлпегі	100 грамм
24	Жаңғақпен немесе кептірілген жемістермен құрғақ таңғы ас	100 грамм
25	Вермишель	1 килограмм
26	Кеспе	1 килограмм
27	Рожкилер	1 килограмм
28	Спагетти	1 килограмм
29	Тұшпара, манти, хинкали	1 килограмм
30	Картоп қосылған тұшпара	1 килограмм
31	Қамыр	1 килограмм
32	Сүйегі бар сиыр еті	1 килограмм
33	Сүйексіз сиыр еті	1 килограмм
34	Жылқы еті, сүйексіз етті қоса	1 килограмм
35	Қазы, шұжық	1 килограмм
36	Шошқа еті, сүйексіз етті қоса	1 килограмм
37	Қой еті, сүйексіз етті қоса	1 килограмм
38	Тауық	1 килограмм
39	Тауықтың сирағы	1 килограмм
40	Тауықтың төсі, еті	1 килограмм
41	Тауықтың бөліктері (жамбасы, сирағы)	1 килограмм

42	Сиырдың бауыры	1 килограмм
43	Пісірілген шұжық	1 килограмм
44	Шала ысталған шұжық	1 килограмм
45	Сосискалар, сарделькалар	1 килограмм
46	Тартылған ет	1 килограмм
47	Бұқтырылған сиыр еті	салмағы 350 грамм. 1 шартты банка
48	Бұқтырылған жылқы еті	салмағы 350 грамм. 1 шартты банка
49	Жаңа ауланған, салқындатылған балық	1 килограмм
50	Мұздатылған балық	1 килограмм
51	Лосось тұқымдасының мұздатылған балықтары	1 килограмм
52	Тұздалған жеңсік тағам балығы	1 килограмм
53	Тұздалған майшабақ	1 килограмм
54	Ысталған скумбрия	1 килограмм
55	Май құрамындағы шпроттар	240 грамм
56	Консервіленген тунец	240 грамм
57	Қызыл, қара уылдырық	1 килограмм
58	Тазартылған мұздатылған асшаяндар	1 килограмм
59	Майлылығы 3,2-4,5% сүт	1 литр
60	Майлылығы 2,2-2,5% сүт	1 литр
61	Майлылығы 6% және одан жоғары сүт	1 литр
62	Қант қосылған қоюландырылған сүт	салмағы 400 грамм. 1 шартты банка
63	Қант қосылмаған концентратталған сүт	салмағы 400 грамм. 1 шартты банка
64	Кілегей	1 литр
65	Қатты, жартылай қатты ірімшік	1 килограмм
66	Балқытылған ірімшік	1 килограмм
67	Тұзды ірімшіктер	1 килограмм
68	Майлылығы 5-9% сүзбе	1 килограмм
69	Сүзбе массасы	1 килограмм
70	Құрт	1 килограмм
71	Майлылығы 2-3% айран	1 литр
72	Йогурт	100 грамм
73	Қаймақ	1 килограмм
74	Қымыз	1 литр
75	Сүтті сусын (снежок, снежинка)	1 литр
76	Жұмыртқа, 1 дәрежелі	10 дана

77	Күнбағыс майы	1 литр
78	Зәйтүн майы	1 литр
79	Сары май	1 килограмм
80	Өсімдік-сары май (спред)	1 килограмм
81	Маргарин	1 килограмм
82	Банандар	1 килограмм
83	Мандариндер	1 килограмм
84	Апельсиндер	1 килограмм
85	Лимондар	1 килограмм
86	Алмалар	1 килограмм
87	Алмұрттар	1 килограмм
88	Жүзімдер	1 килограмм
89	Киви	1 килограмм
90	Мұздатылған жидектер	1 килограмм
91	Компотқа арналған кептірілген жемістер	1 килограмм
92	Кептірілген құрма	1 килограмм
93	Кептірілген өрік	1 килограмм
94	Мейіз	1 килограмм
95	Жаңғақтар (жаңғақ, бадам, кешью, грек жаңғағы)	1 килограмм
96	Жержаңғақ (жер жаңғағы)	1 килограмм
97	Күнбағыс дәндері	1 килограмм
98	Консервіленген жемістер, жидектер	1 килограмм
99	Ақ кауданды қырыққабат	1 килограмм
100	Түрлі-түсті қырыққабат	1 килограмм
101	Брокколи	1 килограмм
102	Қиярлар	1 килограмм
103	Қызанақтар	1 килограмм
104	Басты пияз	1 килограмм
105	Сәбіз	1 килограмм
106	Сарымсақ	1 килограмм
107	Қызылша	1 килограмм
108	Баялды	1 килограмм
109	Тәтті бұрыш	1 килограмм
110	Кәді	1 килограмм
111	Жаңа піскен көк	1 килограмм
112	Жаңа жиналған саңырауқұлақ	1 килограмм
113	Салат	1 килограмм
114	Картоп	1 килограмм
115	Бұршақ	1 килограмм

116	Үрме бұршак	1 килограмм
117	Жасымық	1 килограмм
118	Мұздатылған көкөністер	1 килограмм
119	Ашытылған және маринадталған қырыққабат	1 килограмм
120	Тұздалған, маринадталған қияр мен қызанақ	1 килограмм
121	Консервіленген жасыл бұршак	1 килограмм
122	Консервіленген жүгері	1 килограмм
123	Тұздалған және маринадталған саңырауқұлақ	1 килограмм
124	Консервіленген зәйтүн, зәйтүн жемісі	1 килограмм
125	Қызанақ пастасы	100 грамм
126	Картоп чипсылары	100 грамм
127	Картоп фрилері	100 грамм
128	Құмшекер	1 килограмм
129	Шақпақ қант	1 килограмм
130	Бал	1 килограмм
131	Тосап, джем	1 килограмм
132	Мармелад	1 килограмм
133	Карамель	1 килограмм
134	Шоколадпен глазуриленген кәмпіттер	1 килограмм
135	Шоколад, соның ішінде ақ шоколад	1 килограмм
136	Шоколад пастасы	1 килограмм
137	Тез еритін какао сусыны	1 килограмм
138	Балмұздақ	1 килограмм
139	Сағыз	қаптама
140	Зефир	1 килограмм
141	Халуа	1 килограмм
142	Балаларға арналған құрғақ сүт қоспасы	1 килограмм
143	Жеміс және көкөніс пюреі	100 грамм
144	Баланың тамақтануына арналған ботқалар	1 килограмм
145	Тұз, экстрадан басқа	1 килограмм
146	Майонез	1 килограмм
147	Қызанақ кетчубы	1 литр
148	Сірке суы, сірке су эссенциясы	1 литр
149	Соя тұздығы	1 литр
150	Ұнтақталған қара, қызыл бұрыш	1 килограмм

151	Өзге де дәмдеуіштер, аспаздық шөптер, тұқымдар	1 килограмм
152	Ашытқы	1 килограмм
153	Сорпалық ет, көкөніс, санырауқұлақ текшелері	100 грамм
154	Ас содасы	1 килограмм
155	Жеміс, көкөніс шырындары	1 литр
156	Кофе	1 килограмм
157	Көк шай	1 килограмм
158	Қара шай	1 килограмм
159	Минералды су	1 литр
160	Ауыз суы	1 литр
161	Газдалған сусындар	1 литр
162	Газдалмаған сусындар	1 литр
163	Энергетикалық сусындар	1 литр
164	Арак	1 литр
165	Коньяк	1 литр
166	Жүзім шарабы	1 литр
167	Шампан, көпіршікті шарап	1 литр
168	Құрамында алкогольі бар сыра	1 литр
169	Фильтрлі шылымдар	1 қорап (20 дана)
170	Темекі стиктері	1 қорап (20 дана)
171	Ерлердің қысқы күртесі (пуховик)	1 бұйым
172	Ерлердің маусымдық пальтосы	1 бұйым
173	Ерлер күртесі (жеңіл күрте)	1 бұйым
174	Ерлерге арналған классикалық костюм	1 бұйым
175	Ерлердің классикалық шалбары	1 бұйым
176	Ерлердің жейдесі	1 бұйым
177	Ерлердің спорттық костюмі	1 бұйым
178	Ерлер джинсасы	1 бұйым
179	Ерлердің толстовкасы, свитері, жемпірі	1 бұйым
180	Ерлердің спорттық шалбары	1 бұйым
181	Ерлер футболкасы	1 бұйым
182	Ерлер майкасы	1 бұйым
183	Ерлер іш киімі	1 бұйым
184	Ерлер ұйығы	1 жұп
185	Ұлдарға арналған қысқы күрте (пуховик)	1 бұйым
186	Ұлдарға арналған маусымаралық күрте, жеңіл күрте	1 бұйым

187	Ұлдарға арналған спорттық костюм	1 бұйым
188	Ұлдарға арналған футболка	1 бұйым
